

"Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 34 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 сәуірде № 6385-09 болып тіркелді

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың амбулаториялық емдеу кезінде қосымша ұсыну туралы";

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар қосымша тегін берілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н. Кобжанов

Қарағанды облыстық
мәслихатының
2023 жылғы 18 сәуірдегі
№ 34
шешіміне қосымша
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 25 ақпандағы
№ 34
шешіміне 1 қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша берілетін амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша) қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

1) "Олодатерола гидрохлориді/Тиотропия бромид моногидраты" дәрілік заты - "Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы" диагнозында;

2) "Канакинумаб" дәрілік заты - "Ювенильді идиопатиялық артрит" диагнозында ;

3) "Тоцилизумаб" дәрілік заты - "Ювенильді склеродермия" диагнозында;

4) "Имуноглобулин G" дәрілік заты - "Ювенильді склеродермия" диагнозында;

5) "Адалимумаб" дәрілік заты - "Ревматоидты артрит" диагнозында;

6) "Метотрексат", "Метилпреднизолон" дәрілік заттары - "Қаптайтын тромбоангиит. Бюргер ауруы" диагнозында;

7) "Азацидин" дәрілік заты - "Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қоса алғанда, гематологиялық аурулар" диагнозында;

8) "Тобрамицин" дәрілік заты - "Муковисцидоз" диагнозында;

9) "Метилпреднизолон" дәрілік заты - "Жүйелі склеродермия" диагнозында;

10) "Азатиоприн" дәрілік заты - "Бехчет ауруы" диагнозында;

11) "Белимумаб" дәрілік заты - "Жүйелі қызыл жегі" диагнозында;

12) "Ривароксабан" дәрілік заты - "Аяқ артерияларының облитерациялайтын атеросклерозы" диагнозында;

13) "Ривароксабан" дәрілік заты - "Жүрекшелердің созылмалы фибрилляциясы (жыпылықтайтын аритмия)" диагнозында;

14) дәрілік заты - "Блекфан-Даймонд анемиясы" диагнозында;

15) дәрілік зат - "Өкпе артериялық гипертензиясы" диагнозында;

16) дәрілік зат- "Эпилепсия" диагнозында;

17) дәрілік зат - "Аралас жасушалық-гуморальдық иммунитет тапшылығы" диагнозында;

18) дәрілік заттар - "Созылмалы идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура" диагнозында;

19) дәрілік зат - "Ювенильді идиопатиялық артрит" диагнозы кезінде;

20) дәрілік зат - "Бехтерев ауруы" диагнозында;

21) дәрілік заты "Мацитентан" - "Өкпе артериялық гипертензиясы" диагнозында;

22) дәрілік заты "Пеницилламин" - "Жүйелік склеродермия" диагнозында;

23) дәрілік заты "Кладрибин" - "Шашыраңқы склероз" диагнозында;

24) дәрілік заты "Секукинумаб" - "Псориаз" диагнозында;

25) дәрілік заты "Этеплирсен" - "Мышечная дистрофия Дюшена" диагнозында.

2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар диагнозбен тегін: медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) "буллезді эпидермолиз" диагнозы бар азаматтарға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ